

**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы
Парламенті Шаруашылық Басқармасының бағдарламалары мен кіші
бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 5 қыркүйек N 848

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық Басқармасы бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы (келісім б о й ы н ш а) :

1998 жылдың 7 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Шаруашылық Басқармасының мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлесін және енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
5 қыркүйектегі
N 848 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын

Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық Басқармасының
бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының
тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет		
	көрсетулер		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Көрсетілген қызметтер үшін
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету		